

**“2018 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №262 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 184 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қыркүйекте № 6422 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және “Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. “2018 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №262 қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6104 болып тіркелген, 2018 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2018 жылғы 9 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш ауданының әкімі*

*Қ. Сәрсенбаев*

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 тамыздағы №184 қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 262 қаулысына қосымша

**2018 жылға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны ( адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны (адам)
1	2	3	4	5

1	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының “Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы” шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	997	4	40
2	Қызылорда облысының білім басқармасының “Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	93	2	2
3	Жалағаш аудандық білім бөлімінің “№31 мектеп-гимназия” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	120	3	4
4	Жалағаш аудандық білім бөлімінің “Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	118	3	4
5	Жалағаш аудандық білім бөлімінің “№124 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	109	3	3
6	Жалағаш аудандық білім бөлімінің “№201 мектеп-лицей” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	169	3	5
7	“Жалағаш аудандық білім бөлімінің Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі	193	3	6
8	“Атамекен” шаруа қожалығы	80	2	2
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>1879</b>		<b>66</b>